КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 17 шілде №5265-23-00-2/1372 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«TAS stroy LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Ақау актісіне сәйкес анықталған ақауларды қалпына келтіру
2. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«TAS stroy LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы 30 мамырдағы ақау актісіне сәйкес «Түркістан Сарайы» ғимаратының сәулеттік қасбетіндегі және алдынғы жақтағы жарық шамдарының жанбай тұрған кемшіліктері мен анықталған ақаулары қалпына келтірілсін.

«TAS stroy LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«TAS stroy LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 17.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.08.2023, судья Сатыбалдиева А. К., 25.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 17.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.08.2023, судья Сатыбалдиева А. К., 25.08.2023

ҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕ» - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

5265-23-3-1/1633